



Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өнеркәсіптік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 393 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 сәуірде № 38589 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

Е. Сарсембаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 28 сәуірдегі
№ 393 Бұйрықпен бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өнеркәсіптік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдерінде тіркеу және оларға өзгерістер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1316 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17322 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдерінде тіркеу және оларға өзгерістер енгізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен терминдер қолданылады:

1) кандидат – патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміттену құқығы бар тұлға;

2) Комиссия – Патенттік сенім білдірілген өкілдердің қызметі мәселелері жөніндегі комиссия;

3) көрсетілетін қызметті алушы – жеке тұлға, патенттік сенім білдірілген өкілге кандидат;

4) патенттік сенім білдірілген өкіл – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматы;

5) Тізілімдер – Тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі және Өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер саласындағы Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі;

6) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

"Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" және "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметтері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Мемқызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Аттестаттаудан өту үшін көрсетілетін қызметті алушы "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жібереді:

1) осы Қағидалардың 1, 1-1 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде ЭЦҚ-мен куәландырылған патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттауға жіберу туралы өтініш;

2) зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізуге арналған мәліметтер.

Осы Қағидалардың 2-қосымшадағы көрсетілген мәліметтер аттестаттау емтиханына келген кезде көрсетілетін қызметті алушымен ұсынатын құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырылады.";

мынадай мазмұндағы 7-1, 7-2, 7-3 және 7-4 тармақтармен толықтырылсын:

"7-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

7-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

7-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

7-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың түскен күні оны қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген болса, Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетілуінің нәтижесін алу, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Аттестаттауға рұқсат берілген кандидаттардың тізімі көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Аттестаттауға рұқсат берілген кандидат үш жұмыс күні бұрын тестілеуден өту орны , күні, уақыты туралы "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда хабарланады және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Кандидат жеке басын куәландыратын құжат ұсынған кезде немесе "цифрлық құжат" сервисі арқылы бір жұмыс күні ішінде аттестаттауды тапсырады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін алу үшін кандидат "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидалардың 6 және 6-1-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде кандидаттың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін беру туралы өтініш жолдайды.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті "жеке кабинетінде" берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі үш жұмыс күні ішінде беріледі.";

мынадай мазмұндағы 22-1, 22-2, 22-3 және 22-4 тармақтармен толықтырылсын:

"22-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

22-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

22-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

22-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай

:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

1-қосымша осы тізбенің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

1-1 қосымша осы тізбенің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбенің 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбенің 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбенің 5-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-1 қосымша осы тізбенің 6-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбенің 7-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-1 қосымша осы тізбенің 8-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы тізбенің 9-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын, сондай-ақ куәліктердің нысандарын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1340 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17414 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын, сондай-ақ куәліктердің нысандарын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану

қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 3-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату, оны жарамсыз деп тану тәртібін және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін белгілейді.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) бюллетень – тауар белгілері мен географиялық нұсқамалар және тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;

2) ДЗМҰ – Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы;

3) жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі – уәкілетті органның мүдделі тұлғалар дәлелдемелеріне негізделген шешімімен жалпыға бірдей белгілі деп танылған, тауар белгісі ретінде пайдаланылып жүрген белгілеме немесе тауар белгісі;

4) тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі (бұдан әрі – тауар белгісі) – осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі;

5) патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

6) тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесі – тауар белгісіне айрықша құқыққа немесе географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға айрықша құқыққа ие жеке немесе заңды тұлға;

7) ТКҚХС – тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасы;

8) географиялық нұсқама – географиялық объектінің аумағынан шығарылатын, белгілі бір сапасы, репутациясы немесе басқа да сипаттамалары едәуір дәрежеде оның географиялық шығу тегімен байланысты тауарды сәйкестендіретін белгілеме. Осы географиялық объектінің аумағында тауардың сипаттамаларының қалыптасуына елеулі әсер ететін, оны өндірудің кем дегенде бір сатысы жүзеге асырылуға тиіс;

9) тауар шығарылған жердің атауы – елдің, елді мекеннің, жергілікті жердің немесе басқа да географиялық объектінің қазіргі немесе тарихи, ресми немесе бейресми, толық немесе қысқартылған атауын білдіретін не атауы бар, осындай атауды қамтитын немесе осындай атаудан шыққан және ерекше қасиеттері тек қана немесе негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адами факторлармен айқындалатын тауарға қатысты оны пайдалану нәтижесінде белгілі болған белгілеме. Осы географиялық объектінің аумағында тауар өндірудің тауардың ерекше қасиеттерінің қалыптасуына елеулі әсер ететін барлық сатысы жүзеге асырылуға тиіс;

10) ИНИД – библиографиялық деректерді сәйкестендіру үшін халықаралық кодтар;

11) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "ортақ терезесін" білдіретін цифрлық объектісі;

12) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;

13) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Мемқызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – көрсетілетін

қызметті беруші) тауар белгісін тіркеу туралы шешімі негізінде және тауар белгісіне куәлік беру үшін төлем жасалғанын растайтын құжатты ұсынған жағдайда, тауар белгісі бойынша реттік нөмерімен (бұдан әрі – реттік нөмірі) тіркелген күні туралы (бұдан әрі – тіркелген күні) мәліметтер тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.";

14-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

мынадай мазмұндағы 14-1, 14-2, 14-3 және 14-4 тармақтармен толықтырылсын:

"14-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

14-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

14-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

14-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің " newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.";

18-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

мынадай мазмұндағы 18-1, 18-2, 18-3 және 18-4 тармақтармен толықтырылсын:

"18-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

18-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

18-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

18-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің " newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.";

22-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

мынадай мазмұндағы 22-1, 22-2, 22-3 және 22-4 тармақтармен толықтырылсын:

"22-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

22-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе,

азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

22-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

22-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің " newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.";

29-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

1-қосымша осы тізбенің 10-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбенің 11-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбенің 12-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
4-қосымша осы тізбенің 13-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
6-қосымша осы тізбенің 14-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
7-қосымша осы тізбенің 15-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
9-қосымша осы тізбенің 16-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
10-қосымша осы тізбенің 17-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
14-қосымша осы тізбенің 18-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
15-қосымша осы тізбенің 19-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
көрсетілген бұйрықтың 2-қосымшасы осы тізбенің 20-қосымшасына сәйкес жазылсын;

көрсетілген бұйрықтың 3-қосымшасы осы тізбенің 21-қосымшасына сәйкес жазылсын;

көрсетілген бұйрықтың 4-қосымшасы осы тізбенің 22-қосымшасына сәйкес жазылсын.

3. "Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1341 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17415 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуды, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін белгілейді.";

2-тармақта 14) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"14) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін цифрлық жүйе;

15) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) патент беру туралы шешімі негізінде және көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды патент беруге дайындау және жариялау қызметі үшін төлем жасалғанын растайтын құжатты ұсынған жағдайда өнеркәсіптік меншік объектісі бойынша мәліметтер Өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.";

7-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер (бұдан әрі – банктік реквизиттер) бойынша жүзеге асырылады.";

8-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

мынадай мазмұндағы 8-1, 8-2, 8-3 және 8-4 тармақтармен толықтырылсын:

"8-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

8-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

8-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

8-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Мемқызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).";

16-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.";

17-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе)) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Мемқызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).";

1-қосымша осы тізбенің 23-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбенің 24-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбенің 25-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбенің 26-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбенің 27-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбенің 28-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы тізбенің 29-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы тізбенің 30-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы тізбенің 31-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11-қосымша осы тізбенің 32-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы тізбенің 33-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне топологияларды енгізу және тіркеу туралы куәліктерді, авторлардың куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1342 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17397 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне топологияларды енгізу және тіркеу туралы куәліктерді, авторлардың куәліктерін беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне топологияларды енгізу және тіркеу туралы куәліктерді, авторлардың куәліктерін беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы", "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы заң) сәйкес әзірленген және Интегралдық микросхемалар топологияларының Мемлекеттік тізіліміне топологияларды енгізу және тіркелгені туралы куәліктерді, авторлардың куәліктерін беруді белгілейді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайды.";

2-тармақта 5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін цифрлық жүйе;

6) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).";

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.";

6-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2, 6-3 және 6-4 тармақтармен толықтырылсын:

"6-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

6-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

6-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

6-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

6-қосымша осы тізбенің 70-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы тізбенің 71-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11-қосымша осы тізбенің 72-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы тізбенің 73-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы тізбенің 74-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9. "Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17329 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген және Өнертабыстардың мемлекеттік тізіліміне, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізіліміне, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізіліміне айрықша құқықтарды беруді, өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқығын беруді, ашық немесе мәжбүрлеу лицензиясын тіркеу тәртібін белгілейді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайды.";

2-тармақта 6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін цифрлық жүйе;

7) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).";

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер (бұдан әрі – 4-қосымша) бойынша жүзеге асырылады.";

7-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

мынадай мазмұндағы 7-1, 7-2, 7-3 және 7-4 тармақтармен толықтырылсын:

"7-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

7-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

7-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

7-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігіне

мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Мемқызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).";

12-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің " newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.";

14-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.";

мынадай мазмұндағы 14-1, 14-2, 14-3 және 14-4 тармақтармен толықтырылсын:

"14-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

14-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

14-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

14-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Мемқызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).";

19-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Ашық лицензияға құқық беру үшін патент иеленуші Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК) кез келген тұлғаға селекциялық жетістіктерді пайдалануға лицензия алуға құқықты беру туралы өтініш береді.";

1-қосымша осы тізбенің 75-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбенің 76-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбенің 77-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбенің 78-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
7-қосымша осы тізбенің 79-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
11-қосымша осы тізбенің 80-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
12-қосымша осы тізбенің 81-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
13-қосымша осы тізбенің 82-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

10. "Селекциялық жетістіктердің, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, тауар таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу өтінімдеріне сараптама жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17459 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Селекциялық жетістіктердің өтінімдеріне алдын ала сараптама жүргізу қағидаларында:

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінім сараптама ұйымының кеңсесі, сараптама ұйымының ресми сайты www.kazpatent.kz (бұдан әрі – сараптама ұйымының сайты) немесе "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы қорғау құжатына құқығы бар тұлғамен (бұдан әрі – өтініш беруші) беріледі.";

1-қосымша осы тізбенің 83-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбенің 84-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінім қорғау құжаттары құқығына ие адаммен (бұдан әрі – өтінім беруші) сараптама ұйымының кеңсесі, сараптама ұйымының ресми сайты www.kazpatent.kz (бұдан әрі – сараптама ұйымының сайты) немесе "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы беріледі.";

19-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) егер мәлімделген ұсыныс цифрлық технологиялар саласындағы өнертабысқа қатысты болса, онда өнертабыс формуласы "әдіс" және (немесе) "құрылғы" объектісіне осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес тиісті белгілерін көрсете отырып құрастырылады. Формула электрондық есептеу машинасына арналған бағдарламаларды немесе онда пайдаланылатын алгоритмді қамтымауы тиіс.";

88-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Патенттеудің қолайлы шарттары көзделген объектілері ретінде қоршаған ортаны ластайтын зиянды заттарды азайтуға бағытталған электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, қолданып, ойлап табылған

сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отынды қамтитын өнертабыстар, цифрлық технологиялар саласындағы технологияларды қамтитын өнертабыстар, пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық ауруларды, сондай-ақ онкологиялық ауруларды диагностикалау, алдын алу және емдеу саласындағы өнертабыстар танылады.";

1-қосымша осы тізбенің 85-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбенің 86-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбенің 87-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларында:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінім сараптама ұйымының кеңсесі, сараптама ұйымының ресми сайты www.kazpatent.kz (бұдан әрі – сараптама ұйымының сайты) немесе "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы беріледі.";

1-қосымша осы тізбенің 88-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбенің 89-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбенің 90-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтінім сараптама ұйымына кеңсе арқылы не почта арқылы не сараптама ұйымының ресми www.kazpatent.kz сайты немесе "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы беріледі.";

қосымша осы тізбенің 91-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 28 сәуірдегі
№ 393 Тізбеге 1-қосымша
Патенттік сенім білдірілген
өкіл қызметімен айналысуға
үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімдеріне тіркеу және оларға
өзгерістер енгізу қағидаларына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі Зияткерлік
меншік құқығы комитетінің
төрағасына

(азаматтың тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған кезде), жеке
сәйкестендіру нөмірі)
мекенжайы

(почталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимараттың
нөмірі)

Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілінің қызметімен айналысуға үміткер адамды тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы мамандандыру бойынша аттестаттауға жіберу туралы өтініш

Мені тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне аттестаттауға өтуге рұқсат беруді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Телефон нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қосымша _____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Тізбеге 2-қосымша
Патенттік сенім білдірілген
өкіл қызметімен айналысуға
үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімдеріне тіркеу және оларға
өзгерістер енгізу қағидаларына

1-1 қосымша
Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі Зияткерлік меншік құқығы
комитетінің
төрағасына

(азаматтың тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған кезде), жеке
сәйкестендіру нөмірі)
мекен-жайы

(пошталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы,
елді мекені, көше атауы, үй/
ғимараттың нөмірі)

Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілінің қызметімен айналысуға үміткер адамды өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер саласындағы мамандандыру бойынша аттестаттауға жіберу туралы өтініш

Мені өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер салалары бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне аттестаттауға өтуге рұқсат беруді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Телефон нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қосымша ___ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Тізбеге 3-қосымша
Патенттік сенім білдірілген өкіл
қызметімен айналысуға үміткер

адамдарды аттестаттаудан өткізу,
патенттік сенім білдірілген өкілдердің
тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер
енгізу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттаудан өту үшін мәліметтер

_____)
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі

1. Диплом туралы мәлімет:

1) жоғары оқу орнының атауы _____

2) дипломның нөмірі _____

3) дипломның берілген күні _____

_____)
4) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нострификациялау немесе тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжат сериясы және нөмірі:

_____)
негіздеме: күні және нөмірі _____

тіркеу нөмірі және күні _____

Жеке тұлға _____ күні: _____

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Тізімге 4-қосымша
Патенттік сенім білдірілген өкіл
қызметімен айналысуға үміткер
адамдарды аттестаттаудан өткізу,
патенттік сенім білдірілген өкілдердің
тізілімдеріне тіркеу және оларға
өзгерістер енгізу қағидаларын
4-қосымша
Нысан

"Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу"		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті

	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы: (бар болған жағдайда)	жоқ
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Өтініш қабылданған бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (ішінара цифрландырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Аттестаттау емтиханын тапсыру қорытындысы бойынша оң немесе теріс шешім немесе осы қосымшаның 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан төлем мөлшері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері, оның ішінде мемлекеттік қызметтің кіші түрлері (бар болған жағдайда)	Тегін
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 12:00-ден 13:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8:00-ден 17:30-ға дейін; 2) веб-портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету

		нәтижесін беру Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін, оның ішінде кіші түрлері (бар болған жағдайда) бойынша, көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>1) осы Қағидалардың 1, 1-1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттауға жіберу туралы өтініш; 2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізуге арналған мәліметтер; 3) зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген мәліметтер аттестаттау емтиханына келген кезде көрсетілетін қызметті алушы ұсынатын құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырылады . Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, сондай-ақ заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтерді қызмет алушы " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.</p>
		1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің,

9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерін (бар болған жағдайда) көрсетуден бас тарту негіздері	деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда жол берілмейді.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет	"Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін қызметті алушы " Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметін алады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары уәкілетті органның www.gov.kz/memleket/entities/adilet-kis , сондай-ақ www.gov.kz/memleket/entities/adilet . интернет-ресурсының " Мемлекеттік қызметтер" бөлігінде орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары : 8 (7172) 74-09-93, 74-76-85. Единый контакт-центр: 1414, 8 800 080 7777.

Тізімге 5-қосымша

Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдеріне тіркеу және оларға өзгерістер енгізу қағидаларына 5-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің төрағасына _____
_____ (азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі) мекенжайы _____
_____ (почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілінің қызметімен айналысуға үміткер адамды тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы мамандандыру бойынша аттестаттауға рұқсат беру және патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру туралы өтініш

Мені тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттауға өтуге рұқсат беруді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Аттестаттау емтиханын тапсыру қорытындысы бойынша оң шешімнен кейін Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беруіңізді сұраймын.

Телефон нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қосымша _____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Тізбеге 6-қосымша
Патенттік сенім білдірілген
өкіл қызметімен айналысуға
үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімдеріне тіркеу және оларға
өзгерістер енгізу қағидаларына
5-1 қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі Зияткерлік меншік құқығы
комитетінің төрағасына

(азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған кезде), жеке сәйкестендіру
нөмірі) мекенжайы

(почталық индексі, облысы, қаласы,
ауданы, елді мекені, көше атауы,
үй/ғимараттың нөмірі)

Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілінің қызметімен айналысуға үміткер адамды өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер саласындағы мамандандыру бойынша аттестаттауға рұқсат беру және патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру туралы өтініш

Мені өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер саласындағы мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттауға өтуге рұқсат беруді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Аттестаттау емтиханын тапсыру қорытындысы бойынша оң шешімнен кейін Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беруіңізді сұраймын.

Телефон нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қосымша _____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Тізбеге 7-қосымша
Патенттік сенім білдірілген
өкіл қызметімен айналысуға
үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімдеріне тіркеу және оларға
өзгерістер енгізу қағидаларына
6-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі Зияткерлік меншік құқығы
комитетінің төрағасына
кімнен _____
(азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған кезде), жеке сәйкестендіру
нөмірі) мекенжайы

(почталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимараттың
нөмірі)

Тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру туралы өтініш

Маған тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беруді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қосымша: ____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Тізбеге 8-қосымша
Патенттік сенім білдірілген
өкіл қызметімен айналысуға
үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімдеріне тіркеу және оларға
өзгерістер енгізу қағидаларына

6-1 қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі Зияткерлік меншік құқығы
комитетінің төрағасына

кімнен _____

(азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған кезде), жеке сәйкестендіру
нөмірі) мекен-жайы

(пошталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимараттың
нөмірі)

Өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер салсындағы мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру туралы өтініш

Маған өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер саласындағы мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беруіңізді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қосымша: ____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Тізбеге 9-қосымша
Патенттік сенім білдірілген өкіл

қызметімен айналысуға үміткер
 адамдарды аттестаттаудан
 өткізу, патенттік сенім
 білдірілген өкілдердің
 тізілімдеріне тіркеу және оларға
 өзгерістер енгізу қағидаларын
 7-қосымша

"Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру"		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы: (бар болған жағдайда)	жоқ
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Өтініш тіркелген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (ішінара цифрландырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі осы Қағидалардың 8-қосымшасына және 8-1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) жолданады.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан төлем мөлшері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері, оның ішінде мемлекеттік қызметтің кіші түрлері (бар болған жағдайда)	Тегін
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі –

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 12:00-ден 13:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8:00-ден 17:30-ға дейін;</p> <p>2) веб-портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін, оның ішінде кіші түрлері (бар болған жағдайда) бойынша, көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру туралы өтініш осы Қағидалардың 6, 6-1 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша кандидаттың ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген мәліметтер аттестаттау емтиханына келген кезде көрсетілетін қызметті алушы ұсынатын құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырылады. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, сондай-ақ заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтерді қызмет алушы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.</p>
		<p>1) Көрсетілетін қызметті алушы өтініштің осы Қосымшаның 8-тармағына сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтініш қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсете</p>

9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерін (бар болған жағдайда) көрсетуден бас тарту негіздері	отырып, хабарлама жібереді. Өтінішті сәйкестендіру мерзімі бір жұмыс күнін құрайды. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде оны талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан бас тарту жолдайды. 2) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісім бермеген жағдайда.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет	"Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін қызметті алушы " Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметін алады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары уәкілетті органның www.gov.kz/memleket/entities/adilet-kis , сондай-ақ www.gov.kz/memleket/entities/adilet . интернет-ресурсының " Мемлекеттік қызметтер" бөлігінде орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары : 8 (7172) 74-09-93, 74-76-85. Единый контакт-центр: 1414, 8 800 080 7777.

Тізбеге 10-қосымша
Тауар таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің

атауларын тауар таңбаларының
 мемлекеттік тізілімінде және
 тауар шығарылған жерлер
 атауларының мемлекеттік
 тізілімінде тіркеу және қорғау
 құжаттары мен олардың
 телнұсқаларын беру, тіркеудің
 қолданысын тоқтату
 және оны жарамсыз деп тану
 қағидаларын
 1-қосымша
 Нысан

"Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Тауар таңбасын тіркеу"		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы: (бар болған жағдайда)	жоқ
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Тауар белгісін тіркеу кезінде: тауар белгісін тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, тауар белгісіне куәлік беру және беру туралы мәліметтерді жариялау немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; Тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын беру кезінде: тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан төлем мөлшері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері, оның ішінде мемлекеттік қызметтің кіші түрлері (бар болған жағдайда)	"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 12:00-ден 13:00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8:30-дан 17:30-ға дейін; 2) веб-портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін, оның ішінде кіші түрлері (бар болған жағдайда) бойынша,	Тауар белгісін тіркеу кезінде: 1) жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші; 2) сенімхаттың электрондық көшірмесі (егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе). Тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын беру кезінде: 1) жеке және (немесе) заңды тұлғаның қолдаухаты; 2) сенімхаттың электрондық көшірмесі (егер

	көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе). Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерін (бар болған жағдайда) көрсетуден бас тарту негіздері	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет	1) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және бірыңғай байланыс орталығы: "1414", 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар; 2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz интернет-ресурстарында көрсетілген.

Тізбеге 11-қосымша
Тауар таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларына
2-қосымша

"Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған ӨТІНІШ

№ _____ өтінім бойынша тауар белгісін тіркеу туралы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде тауар белгісін Мемлекеттік тізілімге енгізуді, куәлік беруді және тіркеу туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауды сұраймын.

Қосымша:

сенімхат (егер өтінішті өкіл берсе)

Электрондық цифрлық қолтаңба

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға (пайдалануға) келісемін.

Тізбеге 12-қосымша
Тауар таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларын
3-қосымша
Нысан

Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері

